



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ      КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ      AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЖУРНАЛИСТИКА

# BULLETIN

JOURNALISM SERIES

2(32) 2012

ӘОЖ 811.58

Б. Адилбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: 1985-bota@mail.ru

### Қытай тілі фразеологизмдерінің ерекшеліктері және символдардың мәні

**Аңдатпа.** Кез келген тілдің фразеологизмдері сол мәдениеттің өзіндік бірегей ерекшелігін, ұлттық бояуын көрсетеді. Жалпы шет тілін меңгерудегі ең маңызды талаптардың бірі – үйренушінің оқитын тіліндегі фразеологизмдерді дұрыс түсінуі және орнымен сауатты қолданып сөйлей білуі. Адамдардың қоғамдағы түрлі құбылыстарды, тарихи және мәдени оқиғаларды, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі жағдайларды, кез келген ойды барынша қысқа, барынша түсінікті, жеткізуде фразеологизмдерді кеңінен қолданатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, әлемдегі үйренуі күрделі тілдердің бірі – қытай тілінің фразеологизмдерін оқып-үйренуге арналған кітаптардың, оқулықтардың көптеп жазылуы және жарыққа шығуы осының айғағы.

**Түйін сөздер:** қытай тілі, фразеологизм, семантика, диалектолог, мәдениаралық коммуникациялар процесі.

Кез келген тілдің фразеологизмдері сол мәдениеттің өзіндік бірегей ерекшелігін, ұлттық бояуын көрсетеді. Жалпы шет тілін меңгерудегі ең маңызды талаптардың бірі – үйренушінің оқитын тіліндегі фразеологизмдерді дұрыс түсінуі және орнымен сауатты қолданып сөйлей білуі. Адамдардың қоғамдағы түрлі құбылыстарды, тарихи және мәдени оқиғаларды, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі жағдайларды, кез келген ойды барынша қысқа, барынша түсінікті, жеткізуде фразеологизмдерді кеңінен қолданатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, әлемдегі үйренуі күрделі тілдердің бірі – қытай тілінің фразеологизмдерін оқып-үйренуге арналған кітаптардың, оқулықтардың көптеп жазылуы және жарыққа шығуы осының айғағы.

XX ғасырдың бас кезінде қытай тілі ғылымындағы тіл мен мәдениеттің ара қатынасын зерттеген алғашқы еңбектер жазылып, Қытайдағы лингвомәдениет тану пәнінің іргетасы қаланды. Алғаш рет «Тіл мен мәдениет» пәні бойынша 1938 жылы қазіргі Юннан университетінде профессор Луо Чаңпей дәріс оқи бастады. 50-жылдардың басында Луо Чаңпей мырзаның «Тіл және мәдениет» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл еңбегінде ғалым

тіл мен мәдениеттің байланысы жөніндегі ба-тыс ғалымдарының тұжырымдарын қостай отырып: «тіл саласындағы зерттеулер таза тілдік категориялардың аясында қалып қоймауы керек. Өйткені тілдің қамтитын аумағы өте кең. Тіл белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен, қоғамда болып жататын мәдени, әлеуметтік, тарихи процестерден қалыс қала алмайды. Біз тілді осы салалармен байланыстыра зерттегенде ғана тілтануда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуіміз мүмкін» – деп атап көрсетті [1,5-6.].

1980 жылы диалектолог Иоу жуцзе және тарихшы һәм географ Чжоу Чженхының «Диалектілер және қытай мәдениеті» атты кітабы Қытайдағы лингвомәдениеттану ғылымының жаңа бағытын белгілеп берді. Осыдан кейін лингвомәдениеттанудың түрлі аспектілеріне арналған көптеген еңбектер жарық көрді [2,13-6.].

Ғаламдастыру дәуірінде тіл білімі фразеологизмдердің этномәдени ерекшеліктерін қарастыру тіл білімінің басты міндеттерінің бірі. Қытай тіліндегі идиомалардың этномәдени ерекшеліктерін Бао Хун, Г.А. Баженов, В.А. Мясников және Тань Аошуан секілді ғалымдар зерттеген. Алайда зерттеушілердің ешқайсысы да қытай тіліндегі фразео-

логизмдердің этномәдени ерекшеліктерін айту тәсілдерін жеке ғылыми нысан етіп қарастырмаған. Сондықтан мәдениаралық коммуникациялар процесін жасау, қытай тілін үйретудің тиімділігін жоғарылату, әртүрлі мәтіндерді аудару сапасын арттыру және сан алуан мәдениет түрлерінің өзара байланысын жандандыру тіл ғылымындағы өзекті мәселелер қатарында қарастырылып отыр.

Бұл ғылыми мақалада Қытай фразеологизмдерінің құрылымдық жасалуын сараптау және мағыналық толықтыру жолын анықтау арқылы, олардың этномәдени ерекшеліктерін тануды мақсат еттік.

Ғылыми-зерттеу барысында Қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің ұлттық-мәдени бояуы қанық ерекшелігін, ал кейде басқа тілдердегі фразеологизмдерге ұқсастықтары да бар екеніне көз жеткіздік. Оларды зерттеген кезде міндетті түрде лингвоелтану аспектісіне ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі фразеологизмнің негізін құрап отырған елтануға қатысты кейбір мәселелердің мәнін, мазмұнын терең түсінбеу, оның астарлап, бейнелеп жеткізгісі келіп отырған ойын түсінуге кедергі келтіреді. Демек, тікелей сол елдің тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қатысты фактілер, оқиғалар, құбылыстар негізін құрайтын тұрақты сөз тіркестері болып табылады. Осындай фразеологизмдерде ономастикалық компоненттерді, яғни, топонимдер (географиялық жер-су атаулары) және тарихта болған адамдардың аттарымен қатар фантастикалық, мифтік жануарлар, құдайлар, аруақтар, құбыжықтар, әдеби шығармалардағы кейіпкерлер жататын антропонимдер (адамдардың аты-жөндері) көптеп қамтылған.

Мысалы: *Чэн юй*:

四面楚歌 – Тікелей аудармасы: «Төрт тараптан Чу өлеңдерінің айтылуы».

Мағынасы: қоршауда қалу, тығырыққа тірелу, қиын жағдайда қалу;

Қазақша баламасы: «Қайда барса да, Қорқыттың көрі»

洛阳纸贵 – Тікелей аудармасы: «Луо яннің қағазы қымбат».

Мағынасы: әйгілі, үлкен сұранысқа ие (әдеби шығарма туралы);

Қазақша баламасы: «Қолдан қолға тимейді»

愚公移山 – Тікелей аудармасы: «Үй Гуң тауды жылжытты».

Мағынасы: қайтпай үлкен қажыр-қайратпен еңбектену;

Қазақша баламасы: «Еңбек бәрін жеңбек»

*Янь юй*:

情人眼里出西施 – Тікелей аудармасы: «Ғашық адамға сүйгені Си ши болып көрінеді».

Мағынасы: Ғашық адамға сүйгені ең сұлу жан болып көрінеді;

Қазақша баламасы: «Әр кімдікі өзіне ай көрінер көзіне».

上有天堂, 下有苏杭 – Тікелей аудармасы: «Аспанда жұмақ, жерде Су жоу мен Хаң жоу»

Мағынасы: Су жоу мен Хаң жоу жер бетіндегі ең әдемі қалалар;

Қазақша баламасы: «Жер жаннаты Жетісу».

嘴说曹操, 曹操就倒 – Тікелей аудармасы: «Сао Саоның атын ауызға алсаң,

Сао Сао жетіп келеді».

Қазақша баламасы: «Кімді айтсаң сол келеді»

*Се хоу юй*:

七里铺家进秀才-没想 – Тікелей аудармасы: «Чи Липу әулетінен шыққандар сию цай болып шыға келді – ешкім ойлаған жоқ»

Қазақша баламасы: «Үш ұйықтаса түсіне кірмеу»

福兴邦的和尚-没有化成 – Тікелей аудармасы: «Фу Сицванның монахтары қайыр сұраған емес»

Мағынасы: Не айтарыңды білмейсің?

*Гуань юн юй*:

鸿门宴 – Тікелей аудармасы: «Хуң менның қонағасы» Мағынасы: құрылған қақпан, торға түсіру.

Қазақша баламасы: «Қазылған ор»

庐山真面目 – Тікелей аудармасы: «Лу Шан тауының нағыз көрінісі».

Мағынасы: шынайы бет бейнесі, істің ақиқаты.

南柯一梦 – Тікелей аудармасы: «Нан Кы туралы түс».

Мағынасы: бос қиял, орындалмайтын арман;

Қазақша баламасы: «Қашпаған сиырдың сүтінен дәмету».

南郭先生 – Тікелей аудармасы: «Нан Гуо мырза».

Мағынасы: Қу, өтірікші, алаяқ;

Бұл жерде *гуань юн юй* мен *се хоу юйға* топонимдардың аз кездесуі тән екенін айта кеткен жөн.

Қытай тілінің тұрақты сөз тіркестерінде қытайлықтардың өздеріне етене таныс, алайда шетелдіктер үшін мүлде түсініксіз ұғымдар көптеп кездеседі.

Біз жоғарыда айтып кеткен сөздерден басқа, қытай тілінің тұрақты сөз тіркестерінде аңдардың, құстардың, өсімдіктердің, түр-түстердің атауларымен және сан есімдермен келетін мәдени-ұлттық рені қанық фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бұл аң-құс өсімдіктердің мәдени ренге ие болуы қытай халқының өмірінде алатын орнымен, яғни бұл заттардың дінде, мифологияда, фольклорда алатын орнымен немесе тікелей сол заттың қасиетімен, бейнесімен түсіндірілсе керек. Мүмкін жоғарыда аталған заттар басқа мәдениетте, басқа өркениетте, басқа халықтың тұрмыс-тіршілігінде тек қана нақты бір затты білдіру әбден мүмкін.

Мысалы, бамбук ағашын алсақ, ол қытайлықтар үшін тамақ, баспана, киім, қағаз, аяқ-киімнің қызметін атқарады. Ежелгі қытайлықтар өз өмірлерін бамбук ағашынсыз елестете алмаған. Сондықтан ағаштың бұл түрінің қытай тілінің тұрақты сөз тіркестеріне арқау болмауы мүмкін емес [3, 184-б.].

Мысалы:

敲竹杠;

竹篮子挑水——一场空;

竹筒倒豆子——粒不留;

宁可食无肉，不可居无竹;

势如破竹;

罄竹难书;

Қытайлықтар үшін бамбук – тек қана өсімдік, ағаш емес, сонымен қатар ол қайсарлықтың, шыдамдылықтың, мықтылықтың символы. Бамбук алған бетінен қайтпайтын мінезді білдіреді. Ежелгі қытайлықтар адамның қадір-қасиеті, ары мен намысы, қайсар мінезі туралы айтқанда оны яшмамен және бамбукпен бейнелеген [4, 56-57-б.].

Мысалы: 玉可碎而不改其白，竹可焚而不毁其节

Келесі мәдени код – өсімдіктерге тоқталатын болсақ: mudan-пион – байлықты, дегдарлықты және гүлденуді білдіреді, Қытайдың ұлттық гүлі саналады; 松树 – қарағай – мықты және табанды жігерді, мәрттікті, ұзақ өмірді бейнелейді; 梅 – алхоры – әдемілікке, сыпайылыққа және жан дүниенің тазалығына сай келеді; 菊-хризантема – қажымастықты, көркемдікті және қарапайымдылықты көрсетеді, 兰 – орхидея – сыпайылықты және адалдыққа тазалықты сипаттайды. Ежелгі Қытайда бамбук, алхоры, хри-

зантема және 兰花 – 四君子, яғни төрт игілікті адам/гүлдер саналған. 莲花 – лотос – тазалық пен адалдық, әділдік, нәзіктік пен ибадалық символы; shuxian-нарцисс – жан дүниенің нәзік тазалығын білдіреді; 梨 – алмұрт бұзылмаған тазалықты суреттейді [5, 299-б.].

Табиғат нысандары мен құбылыстарының мәдени кодының концепттары мен олардың қытай тіліндегі символдық белгілері. 日 (күн) және 月 (ай) – жарық пен тазалықты білдіреді, ал 星 (жұлдыз) жарқырау мен жылтырды бейнелейді. «Айдын» сондай-ақ «жүкті болу» деген қосымша мағынасы да бар. 明月入怀 – тамаша көріністен жанның жадырауы мен шаттануы; ұл табу, бала біту.

Чэньюй құрылысында әртүрлі символдық мағыналарды білдіретін сыңарлардың жұптары да жиі кездеседі. 风云 – жел мен бұлт, соғыс қимылдарын немесе күтпеген саяси толқуларды білдіреді. 风雷 – жел мен күн күркіреуі төңкеріс, бас көтерулерді, ірі көлемді және үздіксіз шабуылдаушы күштерді сипаттайды. 风月 – жел мен ай және 风雨 – жел мен жаңбыр – махаббат істері мен қызықтарын көрсетеді.

Семантика (сөздің, таңбаның мәні) – фразеологизмнің құрылымынан өзге этномәдени ерекшеліктерді көрсету амалдарының маңыздыларының бірі. Қытай фразеологизмдері символдық мәндерге толы, өйткені әр түрлі мәдени кодтардың концептерінен тұрады: түстерді білдіретін сөздер, өсімдіктердің атауы, аң аттары, табиғат нысандары мен құбылыстарының атаулары, сан аттары. Бұл кодтар бірқатар концептілерден тұрады, олардың мағыналары қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде қытай халқы қалыптастырған және жүйелеген түсініктермен байланысты.

## Әдебиеттер

- 1 Дәулетова Ф.Н. Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. Алматы: «Қазақ университеті», 2000. – 180 б.
- 2 汉语成语词典/宋永培的编者. – 2版 – 成都: 四川辞书出版社. 2000. – 1136页
- 3 Войцехович И.В. Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: Восток-Запад, 2007. – С. 509.
- 4 马国凡. 成语. 呼和浩特, 1978年. – 328页
- 4 Войцехович И.В. Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: Восток-Запад, 2007. – С. 509.